



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

05.02.2024 № 195

№

Заңсыз ақша жинауға  
тыйым салу туралы

Қазақстан Республикасы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңының 9-бабына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Білім беру ұйымдарының басшылары:

1) Ата-аналардан (заңды өкілдерден) мыналар: жөндеу жүргізуге, құрал-жабдықтар мен жиһаздарды сатып алуға, мектепті жинауға, педагогикалық ұжымға сыйлықтар беруге, білім беру ұйымдарын аттестациялауға, мерекелік іс-шараларға және басқа да мақсаттарға ақшаны мәжбүрлеп жинауға үзілді-кесілді тыйым салынсын;

2) педагогикалық ұжым және ата-аналар комитетінің мүшелері арасында мектептің, сыныптың, мерекелік іс-шаралардың қажеттіліктері үшін заңсыз ақша жинау мәселесі бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілсін;

3) ата-аналардан заңсыз ақша жинауға жол берген сынып жетекшілеріне, мұғалімдерге және тәрбиешілерге шара қолданылсын;

4) білім беру ұйымдарында заңсыз ақша жинауға тыйым салу туралы бұйрық шығарылсын.

2. Осы бұйрық орындалмаған жағдайда, білім беру мекемелерінің басшыларына лауазымынан босатуға дейін қатаң тәртіптік шаралар қолданылсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Басшы

К. Сенгазыев



«№44 «Үркер» балабақшасы» МКҚК  
«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» тақырыбында ұйымдастырылған  
жиналыстың хаттамасы

**Хаттама № 6**

**Өткізілген күні:** 07.02.2024 жыл

**Өткізілген түрі:** дөңгелек үстел

**Төрағасы:** Ж.А. Сарсебаева

**Хатшы:** Н.Е. Казбекова

**Қатысқандар:** 21

**Күн тәртібі**

1. Қазақстан Республикасы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» туралы заңның 9-бабына сәйкес ата-аналардан (занды өкілдерден) мыналар: жөндеу жүргізуге, құрал-жабдықтар мен жиһаздар сатып алуға, мекемені жинауға, педагогикалық ұжымға сыйлықтар беруге, білім беру ұйымдарын аттестациялауға, мерекелік іс-шараларға және басқада мақсаттарға ақша жинауға тыйым салу.

**Меңгеруші:** Ж.А. Сарсебаева

2. Педагогикалық ұжым және ата-аналар комитетінің мүшелері арасында топтағы мерекелік іс-шаралардың қажеттіліктері үшін заңсыз ақша жинау мәселесі бойынша түсіндіру жұмыстарының жүргізілуі.

**Кәсіподақ төрайымы:** Ж.А. Нуранова

3. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының алдын алу

**Әдіскер:** Г.Б. Камза

**Сөз алды:** балабақша меңгерушісі Ж.А. Сарсебаева

Қазақстан Республикасы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» туралы заңын алға тарта отырып жаппай педагогтердің барлығына заңсыз ақша жинамау мәселесін түсіндірді. Заңсыз ақша жинауға жол берген педагогтерге қатаң шара қолданылатынын да ескертіп айтты. Балабақша меңгерушісі Туғанбаева Бағдат Үсенқызы өз сөзінде Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы іске асыру мақсатында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы оң үдерістер» атты тақырыпта қысқаша баяндама оқыды. Баяндамада осы күнге дейінгі сыбайлас жемқорлыққа тосқауыл қою мақсатында көптеген іс-шаралар жүзеге асырылып жатқанын мәлімдеді. Атап айтатын болсақ Қазақстандық мемлекет дамуының алдыңғы кезеңдерінде жалпы мойындалған нәтижелерге қол жеткізгені туралы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ісінде айқын оң үдерістер байқалды. Бұл ретте алдын алу-профилактикалық қызмет жаңа құрылған орган үшін



басымды болып табылды. Баяндама барысында қазіргі таңда жазадан ешкімніңде бұлтартпастығы қағидаты туралы түсіндіріп өтті.

**Сөз алды:** кәсіподақ төрайымы Ж.А. Нуранова өз сөзінде педагогикалық ұжым және ата-аналар комитетінің мүшелері арасында топтағы мерекелік іс-шаралардың қажеттіліктері үшін заңсыз ақша жинау мәселесі бойынша педагогтермен түсіндіру жұмыстарының уақытылы жүргізілетіндігін айтты. Және де өз тарапынан заңсыз ақша жинауға қарсы екендігіне, оны әр бір педагогке үнемі түсіндіріп отыратындығын ескертті.

**Сөз алды:** күн тәртібіне сәйкес сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының алдын алу мәселесі бойынша әдіскер Г.Б. Камза сөзі тыңдалды. Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022- 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жүйесінде негізгі буын сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін, олардың туындауына ілеспе жағдайлар мен себептерді анықтау және азайту болып айқындалғандығын айтты. Осыған байланысты, мемлекеттік мекемедегі сыбайлас жемқорлықтың себептері мен жағдайларын болдырмау мақсатында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы Заңында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау сияқты сыбайлас жемқорлықтың алдын алу құралы көзделген, ол сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтауға және зерделеуге бағытталғанын оның педагогтерге ескертіліп отыратынын айтты.

Балабақшада сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау мақсатында, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының алдын алуды насихаттау, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық үшін алғышарттар туғызатын үйлеспеушіліктерді, олқылықтарды, қайшылықтарды жою тұрғысынан заңнаманы талдау бойынша жұмыс тұрақты негізде жүргізіліп жатқандығын айтып өз сөзін қорытындылады.

#### **Шешімі:**

1. Алдағы мерекелерде педагогикалық ұжым және ата-аналар комитетінің мүшелері арасында топтағы мерекелік іс-шаралардың қажеттіліктері үшін заңсыз ақша жинау мәселесі бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыстар одан қарай жандандырылсын.

Кенес төрайымы:

Хатшы:

  


Ж.А. Сарсебаева

Н.Е. Казбекова